

Жер участеклеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 74 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 мамырда № 8451 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69-баптарына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына, талшықты - оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Қостанай облысы Амангелді ауданының аумағында орналасқан, жалпы алаңы 16,3445 гектар жер участеклеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Амангелді ауданының жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.